

маты: Рауан, 1995. – Б. 62, 64, 65, 68.

3. Күдерина К. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы / К. Күдерина. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – Б. 29, 154.

4. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы / А. Аманжолов. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 4.

5. Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері / К. Күдерина. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – Б. 104, 348-350.

6. Әміржанова Н. XX ғ. басындағы латын графикасына негізделген қазақ емлесінің тілтанымдық негіздері туралы // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы / Н. Әміржанова. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – Б. 63.

7. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы / С. Мырзабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б. 113.

#### REFERENCES

1. *Lingvistikalıyq tusındırme sozdic. Almaty, 1998, 58 (in Kaz).*

2. Qordabaev T., *Qazaq til biliminin qalyptasu, damu joldary. Almaty, 1995, 62, 64, 65, 68 (in Kaz).*

3. Kuderinova Q., *Turki tilderinin a`lipbi`I men emle tarihy. Almaty, 2016, 29, 154 (in Kaz).*

4. Amanjolov A., *Turki filologiasy jane jazu tarihy. Almaty, 1996, 4 (in Kaz).*

5. Kuderinova Q., *Qazaq jazuyyn teorialyq negizderi. Almaty, 2010, 104, 348-350 (in Kaz).*

6. *Jana ulttyk alipbi negizinde qazaq jazuyyn reformalau, teoriasy men praktikasy Almaty, 2016, 63 (in Kaz).*

7. Myrsabekov S., *Qazaq tilinin fonetikasy. Almaty, 1993, 113 (in Kaz).*

ӘОЖ 811. 512.122

#### А.А. АЛИМХАН

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Мақалада қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесінің бүгінгі таңдағы маңызы мен қиындықтары ғылыми-практикалық тұрғыдан талданады. Мақаланың басты мақсаты – латын әліпбиіне көшудің өзектілігін негіздеп, кездесуі мүмкін қиындықтарды айқындап, оларды шешу жолдарын бағамдау.

**Түйін сөздер:** қазақ жазуы, жазу тарихы, дыбыстық жазу, латын әліпбиі, кириллица, графика.

#### АКТУАЛЬНОСТЬ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ И ЕЕ ТРУДНОСТИ

В данной статье анализируются научно-практические значения и трудности перехода на латинскую графику. Основная цель статьи – раскрыть актуальность перехода на латинскую графику и определить возможные трудности при переходе на латиницу и

предложить пути решения этих проблем.

**Ключевые слова:** казахская письменность, история письменности, буквенная письменность, латинская графика, кириллица, графика.

#### THE VALUE AND DIFFICULTIES OF TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET

The article analyzes the scientific and practical value and the difficulties of nowadays, the transition to the Latin alphabet. The main purpose of the article is to substantiate the relevance of the transition to the Latin alphabet and to identify possible difficulties in the transition to the Latin alphabet and to offer solutions to these problems.

**Keywords:** Kazakh literature, history of writing, the Latin alphabet, alphabetic writing system, the Cyrillic alphabet, graphics.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі – Елбасымыздың игі бастамаларының бірі. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 2006 жылғы 24 қазанында өткен XII сессиясындағы сөзінде: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік, – дей келіп. – «біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген болатын. Одан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында да атап көрсеткен еді. Ал биыл сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында осы мәселенің бағыты айқындалды [1].

Ғаламдық дамудың көшіне ілесу үшін латын әліпбиіне көшу мәселесі мемлекеттік мәні бар тарихи қажеттілік болып табылады. Қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру мәселесінің мәні терең, мазмұны көлемді. Өйткені бұл жағдай графиканы ғана емес, тұтас қоғамдық сананы, мәдениетті, менталитетті қайта жаңғырту мәселесімен астасады. Рухани жаңғырудың мақсаты – ұлттық кодты сақтай отыра, қазақ тілін, ділін, дінін және рухани, материалдық мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын дамыту десек, осы келелі мәселенің түп төркіні тіл мәселесіне келіп тоғысары хақ. Тіл – тәрбие мен тағылым бастауы ғана емес, елдің даму деңгейінің, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші. Ұлтымызды рухани жаңғырту арқылы жаһандану заманында өз тарихи таңдауымызды жасап, өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналу мақсатын көздеудеміз. Сол себептен де, қазақ графикасына реформа жасау – заман талабынан туған игі бастама.

Қазақстанда әліпбиді алмастыру мәселесі ел егемендігін алған кезеңдерден бастау алды. Латын әліпбиіне қайта оралу туралы қоғамдық көзқарас 1994 ж. көтеріліп, содан бері бұл бастама бірқатар ғылыми конференцияларға арқау болды және бұл мәселені жан-жақты талқылау барысында түйінделген пікірлер мен ұсыныстар әрдайым ақпарат құралдарында жарияланып отырды. Демек, осы уақытқа дейін тілге тиек болып келген көкейкесті мәселеге бүгінгі қоғам

тиянақты дайындықпен келіп отыр деп айтсақ артық емес.

Қоғамға, мемлекетке қызмет етіп отырған тілдің ең жоғары сапалы түрі – әдеби тіл десек, оның екі формада өмір сүретіні белгілі. Олар – ауызша және жазба тіл. Ауызша тіл қоғамдағы, әлеуметтік өмірдегі бүкіл өзгерістерді өз бойына қабылдап, жинақтап, сол өзгеріске бейімделіп, икемделіп дамиды. Ал жазба тілде ауызша тілдегі өзгерістердің қоғам тарапынан әбден екшеліп, сұрыпталып, қабылданғандары ғана қалыптасады. Бұл – әдеби тілдің табиғи, заңды даму жолы. Жазба тілдің қызметі мен дамуына қоғам тарапынан кең көлемді, түбегейлі өзгерістер енгізу бүкіл тілге әсер етеді. Сол себептен де әліпбиді өзгерту, оның ұстанымдары мен емле ережелерін қайта қарап, бекіту – бүкіл мемлекетке, ұлтқа, оның рухани құндылықтары мен болмыс-бітімі, таным-түсінігіне ықпал етеді.

Осы орайда жалпы жазу тарихы мен қазақ жазуы тарихына тоқтала кетейін. Тілдің қоғамдағы басты, әрі ең негізгі қызметі ойды сыртқа шығару, қарым-қатынас құралы болса, жазу тілі – ақпарат алмасудың аса маңызды жасанды құралы. Ең алғашқы жазулар сурет, идеограмма, логограмма түрінде қалыптасқан еді.

«Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай мынадай түрлерге бөлініп қарастырылады: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) буын жазуы, 4) әріптік немесе дыбыстық жазу» [2]. Пиктографиялық немесе суретті жазу – хабарлануға тиісті оқиға суреттер көмегімен берілетін жазудың ең көне түрі. Қазіргі Қазақстан аумағынан да суретті жазудың көптеп табылып жатқаны мәлім. Идеографиялық жазу таңбалары бүтін бір сөзді немесе морфеманы белгілейді. Идеографиялық жазумен көне египет, шумер жазбалары берілсе, дамыған түрі ретінде қытай иероглифтерін атауға болады. Ал буын жазуы біздің заманымызға дейінгі II-I ғасырларда қалыптасқан, таңбалары буындарды белгілейтін фонетикалық жазудың түрі. Әріп жазуының бастау алар тұсы – біздің заманымызға дейінгі бір мың жылдықтың басы. Әріптік жазудың алғашқыларының бірі – финикий жазуынан грек жазуы қалыптасып, оның негізінде латын әліпбиі түзілгені зерттеушілер еңбектерінен белгілі. Қазіргі славян жазуының бір түрі болып отырған кириллицаның өзі грек алфавитінің негізінде қалыптасқан.

Ал тікелей қазақтардың графикасы мен жазуы тарихына келейік. «Қазақтар пайдаланған дыбыстық жазу түріне көне түркі жазуы, ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы, орыс графикасына негізделген қазақ жазуы жатады» [3], – дей келе, филология ғылымдарының докторы Қ. Күдерінова бұл жазу түрлерінің әрқайсысына тоқталып өткен. Ол көне түркі жазба ескерткіштерінің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Дмитриевск,

Алтабай сайы, Орхон, Қарақорым, Тараз, Павлодар, Есік, Шемонайха, Ертіс, Қырғызстан Қошқар өңірлері екендігін жаза келіп, олардың графикасында дыбыстық ерекшеліктер болғанымен, ортақ графика-орфографиялық ерекшеліктерді тану мүмкіндігі бар екендігін баяндаған. Ал араб графикасына негізделген қазақ жазуының қадим жүйесінде 34 таңба, оның 28-і араб әліпбиіне негізделсе, 4-і парсы әліпбиінен алынған, 1-түркі, 1 таңба ауған әліпбиінен алынған және XIII-XIX ғасырларда қолданыста болған. 1876 ж. қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе үкіметтің ресми саясаты ретінде мықтап қолға алынып, нәтижесінде бірқатар еңбектер осы графикамен жарыққа шыққанын жазған. 1924-1929 жж. қолданылған А. Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп болды. Ал дыбыстың саны ғалымның өзі айтқандай – 43. 1929 ж. қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа алфавит туралы қаулы» шықты. Мұндағы алфавитте 29 әріп болды. Қазақ жазуы 1940 ж. орыс графикасына көшті.

Қоғамдық өмірдегі кез келген ауқымды шараға, ол экономикалық шара болсын, әлеуметтік шара болсын, көпшілік тарапынан өзіндік пікір, көзқарастар болмай қоймайды. Өйткені ондай шараның, жұртшылық жаппай қатыспаса да, өз жақтастары мен қарсыластары болады. Бүгінгі графика ауыстыру мәселесі де осы жайды басынан кешіріп отыр. Сондықтан бұл мәселенің тек төркінін, себебін дұрыс түсінуге тырысуымыз керек.

Филология ғылымдарының кандидаты С. Бектемірова [4] әлемдік электрондық жүйеге латын әліпбиі арқылы көшудің негізгі қажеттіліктерін былайша айқындаған: 1. Лингвистикалық қажеттілік: Қазақ әліпбиіндегі дыбыстар құрамын қайта қарап, оның табиғи заңдылықтарын сақтау; 2. Техникалық қажеттілік: жүздеген бағдарламалау тілдерін, деректер базасын басқару жүйесі, мәтін редакторлары, тоғыз төл әрпіміздің кодтау кестесінде жоқтығы компьютерде жұмыс істеуде қиындықтар туғызады; 3. Саяси қажеттілік: Латынға көшсек, батыс елдеріндегі қазақтардың елге келуге деген ниеттері пайда болып, сәл де болса қазақ ұлтының санын көбейтуге септігі болады және түркі тілдес елдермен белгілі бір дәрежеде қарым-қатынас жасалады; 4. Жаһандану тұрғысынан қажеттілік: Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өркениетті ел қатарына қосылуда тілді сақтап, дамыту, кез келген ел мамандарымен бәсекеге қабілетті, әлемдік білім, ғылым, техниканы меңгеруіне жол ашуға мүмкіндік жасайды. Интернетке латын әліпбиімен еңсек, әлем қазақтарымен байланыса аламыз. 5. Экономикалық қажеттілік: Қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне қарағанда, жаңа әліпби қай жағынан болса да тиімді болмақ, біріншіден, таңба саны аз болғандықтан, оқу-жазуда уақыт үнемделеді; екіншіден, бастыруға материал аз шығындалады; үшіншіден, қаржы жағынан әлдеқайда тиімді.

Филология ғылымдарының докторы Ш. Құрманбайұлы латын әліпбиіне

көшудің пайдасы мен қиындықтары туралы былайша ой қозғайды: «Жазу ауыстырудың плюсі де бар, минусы да бар. Плюсі – тілдік ерекшелігімізді сақтау, әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы. Өйткені латын жазуы ағылшын тілі сияқты әлемге кең тараған әліпби екеніне дау жоқ. Сол арқылы біз қазіргі интернет желісінде ақпарат алуда ғылым, білім саласында осы кеңістікке көбірек кіріп, жастарымыз да тануға, тез оқуға, ақпарат алуға мүмкіндігі артады. Екінші жағынан, бұл – түрік әлемі мен Қазақстанның бірігуі. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан сияқты елдердің жазуымен бір болғаны – біздің еліміз үшін тиімді. Әрине, минус жағы да бар екенін ашық айтуымыз керек. Тәуелсіздіктің 20 жылдығының өзінде қазақ мектептерінде, жоғары оқу орындарына көптеген оқулықтармен қамтамасыз етілмей жатқан жағдайлары бар. Ал ертең жазу ауыстырылған күннің өзінде қазіргі латын тілінде жазылған бастауыш мектептің, орта мектептің, одан кейінгі жоғары оқу орындарындағы оқу құралдарын, көркем әдебиетті бір күнде аударып тастау өте қиынға соғады» [5].

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары А. Фазылжанова латын графикасына көшудің бүгінгі таңдағы маңызын былайша түсіндіреді:

«Қазір қолданылып жүрген кириллица жазуын қолдана беретін болсақ, алдағы уақытта тілімізге қауіп төнген болар еді. Кейінгі жолдауларының бірінде президент жоқ жерден бәле іздеудің қажеті жоқ деген болатын. Мұның ешқандай саяси астары жоқ. Өйткені, бұл әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы мәселе және ол қазақ тілін әрі қарай дамытуды ғана көздейді. Оған қоса, мәселе кириллица қазақ тілінің дыбыстық құрылымын толық жеткізе алмайтындығында емес. Шынында, әр тіл кез келген алфавитті өзіне қарай ыңғайлай алады. Бірде-бір қазақ сөзді кирилл әріптері айтуына қарай ыңғайлап, жаза алмайды. Кириллицаның өзі біздің санамызға сіңіп қалған. Ал психологиялық тұрғыдан алғанда стереотипті бұзу қиын, оны айналып өту қажет. Қазіргі сәтте біз үшін оның ең тиімді жолы – латын жазуына көшу. ... Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде ұлттық мәселелер көп көтеріліп жүр, этникалық, ұлттық мүдде қорғалуда, ұлттық мәдениетке қолдау күшейді. Латын жазуы осы екі процеске де сәйкес келеді. Біз латын жазуы арқылы қазақ тілінің этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысамыз және сонымен қатар ғаламдық процестерге қосыла аламыз» [6].

Қазақ тілі – қазақ елінің кескін–келбеті, болмыс–бітімінің көрсеткіші, ғасырларға созылған тарихымыздың айнасы десек, латын графикасына көшу – рухани жаңғыруымыздың ең тиімді тетігі. Латын әліпбиіне көшудің маңызы төмендегі жайттармен айқындалады.

1. Заман тәжірибесі әлемдік ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын танытып отыр. 1940 жылдардан бері қарай қолданыста болған,

филология ғылымдарының докторы, профессор С. Аманжолов бастаған тілші-ғалымдар ұсынған кирилл әліпбиіне негізделген қазақ жазуы өзінің толыққанды қызметін атқарып отырғанымен, бұл графика санаулы елдерде, көбіне ТМД елдерінде ғана қолданыста болғандықтан Қазақстанның әлемдік өркениетке жақындауына тежеу болып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Жаһандық ақпарат кеңістігіне жолын тауып ене алмай қалған елдердің даму қарқыны бәсең болары анық. Латын әліпбиі – әлемде ең көп қолданыстағы графика. Бұл графикаға көшу арқылы Қазақстан әлемдік өркениетке, жаһандану үдерісіне жақындай түседі. Бұл күнде латын әліпбиі Еуропа, Азия, Африка және Америка құрлықтарының көптеген мемлекеттерінің жазу жүйесіне негіз болып отыр. Латын графикасының таралуына, алдымен, Рим империясының тез нығайып, қанат жаюы бастау болса, христиан дінінің таралуымен байланысты бұл жазу үлгісі Батыс және Солтүстік Еуропа халықтарының байырғы руникалық таңбаларын толықтай ығыстырып шығарды. Әрі әлем тарихында теңдесі болмаған Британия империясының жер бетінің бестен біріне үстемдік етуі де латын графикасының кең таралуына тікелей себеп болды. Латын графикасының планета бетіне жаппай таралуына ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында, алдымен АҚШ-та, содан соң Ұлыбритания мен Францияда өріс алған компьютер технологияларының қарқындай дамуы мен сол технологиялардың негізінде бүкіл әлемге жайылған интернет байланыс технологиялары да себеп болды.

2. Латын графикасы бірнеше ғасырлық тарихы бар ең жетілген, өзін-өзі тарих тезінде ақтап шыққан графика үлгісі екенін естен шығармаған жөн және осы үлгіге сай заманауи әліпбиді қазақ жазуына пайдалану өз тіліміздің де өміршеңдігі мен бәсекелестік қабілетінің артуына әкелері сөзсіз. Мысалы, қазақстандық медицина саласының маманы Пекинге барып, қазақ тілінде жазылған баяндамасын қытай тіліне аудартпақ болғанда, кириллицамен жазылғанды аударма алмаймыз, латынмен жазылғанда аударып берер едік деген жауап алғанын айтты. Латын әліпбиіне көшуден қандай да бір саяси астар іздеудің қажеті жоқ, бұл – прагматикалық қажеттілік.

3. Латын графикасы түркі әлемін де айналып өткен жоқ. Алдымен, бұл жазу жүйесін бірінші болып 1928 ж. Түркия мемлекеті қабылдаса, бұл графикаға 1993 ж. Өзбекстан, 2001 ж. Әзербайжан мемлекеттері де өткен еді. Бұл жағдай Қазақстанның туыстас мемлекеттермен рухани-мәдени байланысын арттыра түседі. Латын жазуы Кеңестер еліне енген түркі халықтарының бәріне дерлік 1928-1929 жж. енгізілген болатын. Кеңестер Одағына енген Түркияда латын жазуы 1928 ж. араб жазуын алмастырған еді. Кеңес елі басшысы И.В. Сталин түрік ықпалынан Әзербайжанды алыстатамыз деген желеумен 1939 ж. кириллицаны бұл елге енгізді. 1929 ж. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан толық латын әліпбиіне көшкен болатын. Бұл елдердің барлығы да



1939, 1940 жж. кириллицаға көшірілді.

4. Латын графикасы Қазақстанда 1929-1940 жж. қолданылып келген. Сондықтан бұл жағдай біздің өткен тарихымызға қайта оралу деп бағалаған жөн. Сондай-ақ шет мемлекеттерде тұратын қандастарымыз күні бүгінге дейін латын әліпбиін қолданып жүргендіктен қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуі қазақ ұлты өкілдерінің өзара жақындасуына, ұлт тұтастығына қызмет етпек. Осы орайда бір-екі қарапайым өмірден алынған мысал келтіре кетейін. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Пекиннен келіп, білім алып жатқан студенттердің бірінен: «Қазіргі қазақ жазуын латын әліпбиіне көшуінің тікелей сіздерге берері бар ма?», – деп сұрағанымда, «Біздің ата-анамыз латынмен жазады, сол кісілерге ыңғайлы болар еді», – деп жауап берді. Байқап отырғанымыздай, латын әліпбиіне көшу ұлт бірлігіне қызмет етпек.

5. Қазақ тілінде 28 фонема, оның ішінде 19 дауыссыз, 9 дауысты фонема бар екендігін ескерсек, кириллицаға негізделген әліпбиімізде басы артық әріптердің бар екені түсінікті болады. Жаңа графикаға көшу арқылы өз әліпбиімізді артық таңбалардан құтқарамыз. Сондықтан жаңа графика тіліміздің ұлттық нақышын, сипатын сақтап қалуға ықпал жасайды. Әріптер саны азайған соң орфоэпия, емле ережелері де жеңілдей түседі. Бұл жайт қазақ тілін оқып-үйренуді жеңілдете түседі.

Филология ғылымдарының докторы, фонетист Ә. Жүнісбек: «Жазу реформасын іске асыра алсақ, ең алдымен, әдістемелік тұрғыдан жеңілдік болады. Ойланайық, 42 әріптің жазу-сызуын үйрену оңай ма, әлде 26(28) әріптің жазу-сызуын үйрену оңай ма? 42 әріпке таңылған емле-ережені меңгеру оңай ма, әлде 26(28) әріпке таңылған емле-ережені меңгеру оңай ма? Жауабын әркім өзі тапсын. Ал орыс тілінің өзіне тән 33 әліпбиі мен емле-ережесіне сүйенген «Букварьді» орыс мектептері қанша уақытта бітіреді, қазақ тілінің өзіне тән емес 42 әліпбиі мен емле-ережесіне негізделген «Әліппені» қазақ мектептері қанша уақытта бітіреді? Осыған көңіл бөлген біреулер бар ма екен? Мұның да жауабын әркім өзі іздеп көрсін», – дейді [7].

Тілдің болашағы – елдің болашағы. Жазуымызды латын әліпбиіне көшіру бір күннің ісі емес, сондықтан мемлекет тарапынан латынға негізделген жазумен бірге, осы жазуымыз да қатар қолданыста жүріп, елдің көзі үйреніп, жаңа әліпбиді әбден меңгеріп кетуіне мүмкіндік жасалады. Әрине кез келген реформа, өзгеріс пен жаңалық енгізудің өзіндік қиындықтары болады. Латын әліпбиіне көшу мәселесінде төмендегідей қиындықтар туындауы мүмкін. Біріншіден, қоғамдық-әлеуметтік ортада пікір қайшылығы туындайды: бірқатар адамдар бұл жаңалықты құптаса, біреулері қорқа қарап, қарсы шығады. Қоғамдық ортадағы

мұндай қайшылықтарды жат пиғылды адамдар тобы өз мүддесіне пайдалануы да мүмкін. Бұл алғашқы кезеңде ел арасында түсіндіру жұмыстары жүруі қажет. Мұндай маңызды іс-шараны атқаруда бұқаралық ақпарат құралдары мен филологтардың, жалпы зиялы қауым өкілдерінің қызметі үлкен. Екіншіден, мұндай келелі қоғамдық-әлеуметтік шара мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлінуін талап етеді. Үшіншіден, қазақ тілінің заңдылығына сай әліпби қабылдау керек. Ең басты қиындық деп осы мәселені атап көрсеткен жөн. Қазақ жазуына арналған жүздеген латын әліпбиі жобалары ұсынылып жатқанымен де, күні бүгінге дейін қазіргі ақпараттық технологияларға сай келетін, қазақ жазуы үшін аса қолайлы, толыққанды әліпбидің көпшілікке ұсынылмағанын жұртшылық тарапынан айтылып жатқан сыни көзқарастар байқатып отыр. Әліпбимен тығыз байланысты келесі бір мәселе – негізгі жазу ұстанымын анықтау. Жазу ұстанымдары морфологиялық, фонематикалық, фонетикалық және тарихи-дәстүрлік т.б. болып бөлінеді [8]. Морфологиялық ұстанымда сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады. Фонематикалық ұстанымда дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-бірлеріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі, мәні сақталып жазылуы жатады. Фонетикалық ұстаным бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуы немесе естілуі бойынша жазылады. Тарихи-дәстүрлік ұстаным бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазылу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады. Жазу ұстанымына сәйкес, емле ережелері мен орфографиялық сөздіктер құрастыру. Төртіншіден, латын әліпбиіне ауысумен бірге, ақпараттық-компьютерлік технологиялар, бағдарламалау саласында да өзіндік қиындықтары болары хақ. Бесіншіден, 1940 жылдардан бері кириллицамен жазылған рухани-әдеби мұраларымызды латын графикасымен жазу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселеде ақпараттық-компьютерлік жүйені қолдана отырып, жылдам өңдейміз десек те, бірқатар туындылар кириллицада ғана сақталып қала бермек. Алтыншыдан, латын әліпбиімен жазуды үйрену мен үйретуге байланысты қиыншылық. Алғашқы кезде мамандар тапшылығы, оқып-үйрену құралдарының аздығы мен олардың сапасы тұрғысынан көптеген қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл бағытта үйрету курстарын ұйымдастыруға, сапалы түрде оқу-әдістемелік құралдар шығарып, оқыту үрдісіне жоспарлы түрде біртіндеп енгізуді ұйымдастыру қажет.

Жоғарыда аталған қиындықтар мен кедергілерді шешу мақсатында мемлекет тарапынан ауқымды шаралар атқарылып жатқанын атап өткен жөн. Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін біртіндеп көшіру көзделген. Бірінші кезең: 2018-2020 жылдарды, екінші кезең: 2021-2023 жылдарды, үшінші кезең: 2021-2025 жылдарды қамтиды. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл



білімі институтының директоры Ерден Қажыбектің айтуынша [9], латын әліпбиіне көшу міндеттерін жүзеге асыру мақсатында төрт жұмыс тобы құрылған. Біріншісі – орфографиялық (қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде орфография мен орфоэпиялық ережелерін дайындау үшін). Екіншісі – әдістемелік (латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім жүйесіне біртіндеп енгізу үшін). Үшіншісі – терминжасам (латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелеу үшін). Төртіншісі – сараптамалық – техникалық (латын графикасын IT-технология талаптарына сәйкес келтіру үшін). Келешекте заңнама және ұйымдастырушылық мәселелермен айналысатын бесінші топты ұйымдастыруға ұсыныс жасалған.

Ұлтымыздың намысы мен ары, бейнесі мен беделі ретінде танылатын тіліміз – еліміздің асыл құндылығы. Оны сақтап қана қоймай, дамыту, кемелдендіру, келешек ұрпаққа, кейінгі ғасырларға жеткізу – бүгінгі қоғамда өмір сүріп отырған әрбір азаматтың перзенттік парызы, қасиетті борышы. Латын графикасы негізінде қалыптасқан жаңа ұлттық жазу жүйесінің жасалуы – бұл рухани жаңғыруымызға жасалған басты бетбұрыс.

Қорыта айтқанда, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі – заман талабынан туындаған келелі де, киелі мәселе, мәңгілік ел болудың кепілі. Ұлт болашағы мен рухани әлеуеті үшін орындалып жатқан бұл реформаның келешек ұрпаққа берері мол. Ал тілшілер қауымы алдында тілдің қолданбалы аясын жетілдіру міндеті тұр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://www.akimvko.gov.kz/ru/>
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К. Аханов. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 411.
3. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері / Қ. Күдерінова. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – Б. 103.
4. Бектемірова С. Өмірдің өзінен туындаған қажеттілік / С. Бектемірова // Ана тілі. – 2017. – №47 (1409). – 23-29 қараша. – Б. 4.
5. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_latin\\_alphabet/24235630.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_latin_alphabet/24235630.html)
6. [https://www.interfax.kz/?lang=kaz&int\\_id=13&news\\_id=60](https://www.interfax.kz/?lang=kaz&int_id=13&news_id=60)
7. <http://adebiportal.kz/kz/news/view/3264>
8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері / Р. Сыздықова. – Алматы: Рауан, 1996. – Б. 6.
9. Қажыбек Е. Латын әліпбиіне байланысты жұмыс топтары құрылды / Е. Қажыбек // Ана тілі. – 2017. – №48 (1410). – 30 қараша – 6 желтоқсан. – Б. 4.

#### REFERENCES

1. <http://www.akimvko.gov.kz/ru/>
2. Akhanov T., *Til biliminin negizderi. Almaty, Sanat, 1993, 411 (in Kaz)*.
3. Kuderynova K., *Kazakh zhazuinin teoryalik negizderi. Almaty, Memlekettik tilde damitu ortaligi, 2010, 103 (in Kaz)*.
4. Bektemirova S., *Omirdin ozinen tuindagan kajettilik. Ana tili, 2017, 47, 1409, 23-*

29.11, 4 (in Kaz).

5. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_latin\\_alphabet/24235630.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_latin_alphabet/24235630.html)

6. [https://www.interfax.kz/?lang=kaz&int\\_id=13&news\\_id=60](https://www.interfax.kz/?lang=kaz&int_id=13&news_id=60)

7. <http://adebiportal.kz/kz/news/view/3264>

8. Syzdykova R., *Emlе zhane tinis belgileri. Almaty, Rauan, 1996, 6 (in Kaz).*

9. Kajibek E., *Latin alipbiine bailanisti zhumis toptarii kurildi. Ana tili, 2017, 48, 1410, 30.11. 6.12, 4 (in Kaz).*

ӘОЖ 331.214

## Л.М. АХМЕТОВА, Л.Б. ЖАКИБАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ. Қазақстан

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада еңбек нарығының түсінігі, мәні, түрлері, негізгі факторлар мен функциялары қарастырылған. Еңбек нарығының құрылымы, сұраныс пен ұсыныс субъектілері анықталған. Қазіргі заманғы еңбек нарығындағы тенденциялары және даму перспективалары зерттелген. Соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының қызмет ету ерекшеліктері және салыстырмалы талдау нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** еңбек нарығы, кедейшілік, жұмыссыздық, еңбекпен қамту, өнімділік, еңбек ресурстары.

### ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РЫНКА ТРУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрены понятие, сущность, виды, основные факторы и функции рынка труда. Определена структура рынка труда, субъекты спроса и предложения на рынке труда. Изучены современные тенденции на рынке труда и перспективы развития. В статье приводятся результаты сравнительного анализа особенностей функционирования рынка труда в Республике Казахстан в последние годы.

**Ключевые слова:** рынок труда, бедность, безработица, трудоустройство, производительность, трудовые ресурсы.

### FEATURES OF DEVELOPMENT OF THE LABOUR MARKET IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A concept, essence, kinds, basic factors and functions of labour-market, is considered in the article. The structure of labour-market, subjects of demand and supply, is certain at the market of labour. Modern tendencies are studied at the market of labour and prospect of development. To the article the results of comparative analysis of features of functioning of labour-market are driven in Republic of Kazakhstan the last years.

**Keywords:** labor market, poverty, unemployment, employment, productivity, labour resources.